

**«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Аккузова Айнур Абдыжалиловнаның
«Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-
прагматикалық әлеуеті (Д.Исабеков шығармаларының негізінде)» атты
диссертациясына ресми рецензенттің**

ШКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техникалық сұраныстарына) байланысы.

Тілдің қуаты мен құдіреті, өміршеңдігі мен жасампаздығы көркем шығарма арқылы қалыптасатыны заңды құбылыс. Көркем туындының авторы - ақын не жазушы тіл әлеміне жаңа сөз қосушы, жаңа мағына үстеуші, жаңа бейнелі сөз жасаушы таным феномені ретінде қызмет етеді. Олардың окказионалды қолданыстарының жиілігі артқан сайын узуалданып, сөздік құрамның аясында кеңейе түседі. Демек қаламгер танымындағы көркем ойдың тілдегі көрінісін (тілдік құрылымы мен мазмұнының әсерлі үйлесуін) зерттеу лингвистика ғылымында жаңа парадигманың қалыптасуына негіз болды. Яғни ХХ ғасыр басына дейін көркем шығарма тілін автордан тыс құрылымдық жүйеден аспай (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшелігімен шектеліп) зерттеу бағытына қосымша антропоөзектік парадигма үстемеленді. Ұсынылып отырған диссертация антропоөзектік парадигма лингвистикалық зерттеу жүйесінде қалай қалыптасты, қандай әдіс-тәсілдер қолданылды, лингвистикалық ілімнің дамуына қандай үлес қосты деген мәселелерге нақты жауап береді. Яғни құрылымдық лингвистикадан антропоөзекті парадигмаға ауысу қажеттілігі, тетігі, тарихы сипатталады. Расында да жаңа парадигма аясында дүниенің көркемдік әлемін ашу, ақынның тілдік тұлғасын тану, автордың ойбейне жасау механизмдерін түсіну, оны интерпретациялау, коннотаттық, сигнефикаттық, поэтикалық мағыналардың санада қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуді қажет ететін когнитивтік лингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, т.б. антрополингвистика салаларының қызмет етуіне негіз болды.

ХХ ғасырдың басы лингвистика ілімі үшін жаңғыру кезеңі антропоөзектік парадигманың қарқынды қызмет етуімен ерекшеленді. Дегенмен құрылымдық лингвистикадан өтіп, антропоөзекті лингвистика жүйесіне бейімделу аралығы кезеңінде болған қиындықтар, қабылдаудың күрделілігі, теориялық тұжырымдардың бірізділенбеуі, әдіс-тәсілдердің нақтыланбауы, зерттеу нысандарының ажыратылмауы тіл тарихындағы елеулі кезеңге айналды. Кейін антрополингвистикалық парадигма ғылыми тұрғыдан дәлелденді, нақтыланды, бірнеше тіл салаларының пән ретінде дамуына ұйытқы болды. Демек, қалыптасу тарихы және лингвистикалық салалық тармақтары бар, үнемі толығу, кеңейу кеңістігінде көрінетін

антропоэзектік парадигманы арнайы зерттеу қажеттілігі тіл білімінің дамуындағы сұраныстардан туындап отырғанын байқаймыз. Тіл арқылы адамның, ұлттың мәдениеті мен болмысын тану, тілді жасаушы адам, адамның ойлау механизмдері күрделі болған сайын тілдің бойында жасырын семалар болатынын түсіну теориясы, яғни антропоэзектік парадигманың іске қосылу дәуірін зерттеу ғылыми сұраныспен тікелей байланысты. Тіл зерттеушілерін, яғни лингвомәдениеттанушы, этнолингвист, социоллингвист, когнитолог ғалымдарды даярлау сұранысымен байланысты. Сондай-ақ ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс «Мәңгілік Елдің» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» атты мемлекеттік бағдарламалармен тікелей сабақтас.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Бірінші нәтиже. Тіл біліміндегі парадигма, антропоэзектік парадигма ұғымына қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдарды жинақтап, оның ғылыми-ақпараттық базасын қалыптастырған.

Екінші нәтиже. Ғалым А. Киклевич ұсынған тілдің экспликативті-процедуралық қызметтерін (атауыштық, магиялық, индексалды, экспрессивті, социативті, прагматикалық, стилистикалық, этнологиялық, когнитивтік, креативті, конститутивті, интерлингвистикалық) антропоэзекті парадигманың құрамдас бөліктері екенін дәлелдей отырып, «көрсетілген қызметтің қайсысын алсақ та адамның көмегінсіз жүзеге аспайды. Мәселен, номинативті қызмет әлем туралы мәліметті тілдік таңбамен жеткізсе, магиялық қызмет адам сеніміне негізделеді» деген тұжырым жасайды.

Үшінші нәтиже. Көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметті анықтау үшін гносеологиялық, прагматикалық және онтологиялық қырынан зерттеудің тиімділігін дәлелдей отырып, соның ішінде прагматикалық аспектіде зерттеудің алғышарттарын ұсынған: «Прагматикалық аспектіде барлығы санадағы оймен, мидағы астарланған кодпен байланысты. Ой көптеген ғылым саласына қатысты болса, ал, код – ұлтқа, тілге, ділге тікелей қатысты құрылымдалатын ұғым».

Төртінші нәтиже. Д.Исабеков шығармаларының коммуникативтік-прагматикалық қызметін дәйекті дәлелдемелермен айқындаған. Көп жағдайда автор баяншы (яғни әңгімеші емес), наррататор екенін дәйектеген. Сондай-ақ Д.Исабековтың көркемдік әлемін зерттей отырып, «Көркем шығарманың басты шарты - оның көркемдігі. Сондықтан қарапайым сөздерді орынсыз қолдану көркем шығарманың көркемдігінен айырады. Қарапайым сөздер ешқашан да тілді көркемдемеген, олар тілге экспрессивті-эмоционалды бояу ғана берген» деген тұжырым жасайды.

Бесінші нәтиже. Д.Исабековтің бейнелі әлеміндегі авторлық теңеулері мен эпитеттерін жинақтаған. Мысалы: «бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайласыпты», «шибарқыттай әжім», «қақпағы жабық қазандай жарылғалы келемін», *дәмді әңгіме, жібек үн.*

Алтыншы нәтиже. Д.Исабеков шығармаларындағы материалдық және рухани құндылық атауларының этномәдени мағынасына талдау жасалған. Мысалы: «*Ет құда* - біздіңше, бұл бәрінен жақын, бауырындай болған құда. Қазақта «бауырым – бауыр етім» деген сөз бар. Соғай орай жасалған күрделі тіркес деген болжам жасауға болады» деп тұжырымдайды. Мысалы, Д.Исабеков шығармасында кең қолданыстағы *кемпірек* – шай демдеген шәйнекті қою үшін самаурынның оттығына кигізетін бөлігі екенін түсіндіреді.

Жетінші нәтиже. Д.Исабеков шығармаларындағы 247 этномәдени және лингвомәдени атаулардың сөзтізбесін жинаған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

- «Жаңа бағыттар мен парадигмалардың ғылымда кеңінен қолданылуына негіз болған В. фон Гумбольдттің адам мен тіл қатынасын ажыратуға, тілдегі адам бейнесін әртүрлі аспектіде зерттеуге мүмкіндік берген концепциясының одан ары жалғасуы, антропоцентрлік бағыт арқылы әр ұлттың тарихын, мәдениеті мен танымын, ділін зерттеуге негіз болуы, сайып келгенде, қазіргі таңда бұл бағыттың тіл білімі үшін жаңа белес болғанын көрсетеді» деген тұжырымдалған нәтиже берілген. Бұл нәтиженің шынайылық дәрежесін жоғары деп бағалаймыз.

- «Көркем әдебиет мәтіні әдеби тілде жазылса да, көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында принципті ерекшеліктер бар. Олардың ең бастысы әрқайсысының атқаратын қызметін туындайды. Әдеби тіл коммуникативтік қызмет атқарып, адамдардың күнделікті қарым-қатынас жасауының құралы болса, көркем шығарма құрылымына түскенде ол басқа қырынан көрінеді. Өзінің бейнелі құралдары арқылы оқырманның сезіміне әсер етіп отырып, ол эстетикалық, көркемдік қызметте жұмсалады. Соған сәйкес әдеби тіл нормасы мен көркем әдебиет тілі нормасы арасында да, ерекшелік болады. Әдеби тілде нормаға жатпайтын тілдік факті өнер туындысында жазушының алдына қойған мақсатына сай келіп, эстетикалық қызмет атқарып тұруы мүмкін» деген тұжырымын шынайы деп есептейміз.

- «Жеке тілдік тұлғаның шығармашылығы арқылы оқырман тұтас бір ұлттың өмірі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымынан, өткен тарихынан хабардар болады. Қорыта келгенде *автор – мәтін – оқырман* арасындағы байланысты зерттеуде мәтіннің артында тұрған болмыстан, халықтық таным мен қазақи мәдениеттен тыс ешқандай нәтиже шығаруға, жаңалық ашуға болмайтыны байқалады. Демек, әрбір «мәтіннің семантикалық кеңістігі – ұлттық дүниетанымның көрінісі. Кез келген көркем шығармада автордың дүниетанымы мен ішкі болмысы көрінеді деген уәжді мойындасақ, онда, әрине, мәтіннің де ішкі мәндік құрылымындағы менталдықты жоққа шығармаймыз» деген тұжырымының шынайылық дәрежесі де күмән туғызбайды.

- «Көркем мәтін – кейіпкер, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланыс арқылы қалыптасатын коммуникациядан құралады. Бұл байланыс үзілген жағдайда туынды *көркем шығарма* деген қасиетінен айырылады» деген сенімді тұжырым да ізденіс нәтижесінің шынайылығын көрсетеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Зерттеудің жаңалығы ретінде ұсынылған «Көркем мәтіндердегі ұлттық құндылықтардың тілдік көріністерін прагматикалық тұрғыдан қарастыру мәтінді пропозициялық және коммуникативті-интенционалды байланыста зерттеуге мүмкіндік береді» деген теориялық пайым ішінара жаңалық деп есептейміз. Себебі пропозиция, коммуникативті-интенционал ұғымдар бұрыннан айтылып, зерттеліп жүрген прагмалингвистиканың негізгі нысандары болып саналады. Онсыз прагматикалық талдау да жүзеге аспайды.

Бірінші нәтиженің жаңашылдығы. Д.Исабековтың көркем шығармасының прагматикасын айқындау үшін ұсынылған кешенді талдау үлгісін жаңа деп танимыз. Себебі, алдымен автордың (жазушының) «адресат пен адресант» қатынасындағы рөлі баяншы екенін анықталған. Баяншыға тән белгі - үшінші жақтан әңгімелеуі мысалмен дәлелденген.

Екінші нәтиженің жаңашылдығы. Д.Исабековтың көркем мәтініне прагмалингвистикалық талдау үлгісінің келесі тармағы прагматиканың экспрессивті компонентін (жергілікті нақыш, комикалық әсер тудыру) және мәдени компонентін (оқырманға кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат беру) құру әлеуетін мысалдармен дәлелденген екінші ғылыми нәтижесін де жаңа деп тануға болады. Себебі кейіпкер сөзіне диалектілік ерекшеліктерді кіріктіріп жіберу, бейтарап және қарапайым сөздерді, жарыспа сөздерді әдейілеп прагматикалық мүддеде қолданылуы экспресивтік, субмәдени компоненттерді құрайтыны айқындалды.

Үшінші нәтиженің жаңашылдығы. Көркем мәтін тілінің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін талдау оқырманға белгілі бір тарихи-саяси кезеңдегі ұлттық мәдениетті құраған діл, дін, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар сияқты және басқа да әлеуметтік факторлардың тұтастығындағы шынайы қалпында елдің тұтас бейнесін қабылдауға мүмкіндік беретіні туралы бұрын-соңды көркем шығармаға талдау жасау арқылы дәлелденген емес. Сондықтан үшінші нәтиже де жаңа.

Төртінші нәтиженің жаңашылдығы. Д.Исабеков шығармалары арқылы ғасырлар тоғысындағы ғаламның тілдік бейнесін зерделеуге болады. Себебі Д. Исабеков – қазақ елінің кеңес үкіметі кезіндегі және тәуелсіздік кезеңіндегі тұрмыс-тіршілігін барынша шынайы суреттеген қаламгер, сондықтан оның әңгімелерінен тұтас бір дәуірдің шындығын көруге болады. Демек. Д. Исабековтың көркемдік әлеміне алғаш рет прагмалингвистикалық талдау жасалып отыр. Соның нәтижесінде кеңес үкіметінен тәуелсіз елге айналу кезеңіндегі «өлара» шақтың шынайылығы автордың прагматикалық

тәсілдерді ұтымды қолдануымен мойындалған. Сондықтан бұл нәтижені де жаңа деп тануға болады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Теориялық маңыздылығы. Алынған нәтижелер, теориялық тұжырымдар, антропоэзектік парадигманың қызметтері, әрбір қызметті атқаратын антрополингвистика салалары туралы ғылыми-ақпараттық база жоғары оқу орындарында лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика ғылымын дамытуда, көркем мәтінге прагматикалық талдау жасауда, прагмастилистика, тілдік тұлға мәселелерін кеңінен зерттеуде септігін тигізеді. Сондай-ақ зерттеу жұмысындағы теориялық болжамдар мен тұжырымдар тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін меңгертуді, тіл біліміндегі мәдени-танымдық бағыттарды әртүрлі қырынан ғылыми негіздеуді және адамның таным үдерісіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтуды көздейді.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған «Прагмалингвистика», «Коммуникативтік лингвистика», «Көркем шығарманы коммуникативтік-танымдық талдау» пәндері бойынша өтетін арнаулы курстарда кеңінен пайдалануға болады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

- Зерттеудің ғылыми жаңалығына теориялық тұжырымдар емес, нақты қандай нәтижеге қол жеткізілгені көрсетілсе дұрыс болар еді. Диссертациялық жұмыстың өн бойында көрініс тапқан прагматикалық талдаулар мен ғылыми жетістіктер кіріспеде «нәтижелер» пунктінде көрініс тапса екен. Жұмыстың мақсатына жетуге бағытталған коммуникативті-прагматикалық зерттеулердің нақты өнімдері (лингвистикаға үлес қосар практикалық және теориялық өнімдер) өзінің метатілімен сипатталып көрсетілсе жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

- Зерттеудің ғылыми жаңалығында берілген «диссертация мазмұнының жаңалық сипаты көркем мәтіндердегі құрылымдық-грамматикалық, лексика-фразеологиялық бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін қатысым мақсатымен байланысты мәтін прагматикасын айқындайтын кешенді көзқарастан көрінеді» деген сөйлемдегі «кешенді көзқарастың» орнына «кешенді таным-түсінік», «кешенді идея» тіркестерінің бірі алынғаны дұрыс болар еді. Себебі қазақ дүниетанымында көзқарас әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олар тұтасып кешенді бола алмайды деп ойлаймыз.

Алайда көрсетілген кемшіліктер жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңызына, зерттеудің мазмұнына айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Ізденуші Аккузова Айнур Абдыжалиловнаның «Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д.Исабекова шығармаларының негізінде)» атты диссертациялық жұмысындағы ғылыми ой-тұжырымдар маңызды саналады әрі отандық прагмалингвистикалық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады. Зерттеуді ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұтастыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

Диссертациялық жұмыс ғылыми деңгейде орындалған өзекті зерттеу болып табылады. «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптар мен ережелерге толық жауап береді. Аккузова Айнур Абдыжалиловна PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз

Пікір беруші:

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы**

Есенова Қ.Ө

